


Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Ас үй заттар: Шәйнек

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	
	<ul style="list-style-type: none">• ас үй заттарын еске түсіреді;• үш тілде айтады қайталады, жатқа айтады, дыбыстың талдау жасап – дауысты, дауыссыз дыбыс сандарын біледі;• шәйнектің не үшін пайдаланатындығымен, оның бөліктерін ажыратады;• шәйнектің сыртындағы ою өрнек түсінің қандай ою түріне жататындығын таңдайды;• шәйнек бөліктерінің қандай қарындаштармен боялатынын сызықпен қосып, бояудың алгоритмін номерлеп, тапсырманы орындайды;• орындалған жұмысты салыстырады.
Пәнаралық байланыс:	
	танымдық (<i>жаратылыстану, математика</i>) шығармашылық (<i>бейнелеу</i>) коммуникациялық (<i>сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер</i>) әлеумет (<i>қоршаған ортамен таныстыру</i>) денсаулық (<i>қауіпсіздік</i>)
Білім алушы игеретін білік-дағды:	
	<ul style="list-style-type: none">- ас үй заттарын атайды, шәйнектің ас үй заттарына жататынын оны пайдаланғанда сақтау қажет қауіпсіздік ережелерін ажыратады;- үш тілде қайталады, дыбыстық талдау жасап, қанша екендігін біледі;- шәйнек де үй заты, оның бөліктерін, қалай пайдалану керектігін тұжырымдайды;- шәйнек сыртындағы оюдың қандай түрге жататындығын, нені бейнелейтіндігін еске түсіреді;- қарындашпен бояйтын шәйнек бөлігін қосып, қарындаштың жететін-жетпейтіндігін нақтылайды, сонан соң бояу алгоритмін бойынша номерлейді;- жұмысты салыстырады, бағалайды.
ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:	
	<ol style="list-style-type: none">1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)	
	

¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?». Мына кітапшада қандай заттар бейнеленген? *Ас үй заттары*. Барлығына ортақ қандай белгі бар? *Ою*.



Шәйнек – не үшін қажет? Оны қай кезде пайдаланамыз? Қандай қауіпсіздік шараларын еске сақтау керек? (*коммуникациялық дағды қалыптасады*)

АС ҮЙ ЗАТТАР – ШӘЙНЕК
(кітапшамен жұмыс)

1. *Полилингвалдық компонент*: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (*коммуникациялық дағды қалыптастыру*)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған ас үй заттарының атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (*танымдық дағды*)

3. Шәйнек бөліктері:

- шәйнек –
- қақпақ –
- ұстағышы –
- шүмек –


4. Ою қалай аталады ол нені бейнеледі.

5. Боялмаған шәйнек бөліктерін боялған шәйнекке қарай отырып, қарындаштармен қосамыз. Бояу алгоритмін номерлейміз.

Өздік жұмыс



6. Салыстыру. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.